СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ	**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ** **«Қ.И. СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2020 жылғы «25» 09 №2 редакция	Е 029.О.03-11.1.01 – 2020

Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

Е 029.О.03-11.1.01 – 2020

Алматы 2020

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Академиялық мәселелер жөніндегі кеңседе **ӘЗІРЛЕНДІ** және Оқу-Әдістемелік кеңесінде бекітілді (№1 хаттама 10.09.2020 жыл)

Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясының төрағасы _____ Р. Бейсембекова
«15» 09 2020 ж.

2 КЕЛІСІЛДІ

Лицензиялау, сертификаттау және білім сапасын бақылау басқармасының бастығы _____ А. Сауранбаева
«18» 09 2020 ж.

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы _____ Ж. Орақбаева
«17» 09 2020 ж.

3 Басқарманың 2020 жылғы «25» 09 № 33 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2016 жылғы 08 шілдедегі №1 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер 4

2 Нормативтік негізгі құжаттар 4

3 Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері 5

4 Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясының (ЖООІБК) құрамы 5

5 ЖООІБК мүшелері мен төрағаның функционалдық міндеттері 5

6 Жұмысты жоспарлау мен есеп беру 6

7 ЖООІБК жауапкершілігі мен өкілеттілігі 6

Өзгерістерді тіркеу парағы 7

1 Жалпы ережелер

1.1 Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясы (бұдан әрі – ЖООІБК) «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет немесе ҚазҰТЗУ) оқу процесінің сапасын бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылған Академиялық басқару органы болып табылады.

1.2 ЖООІБК Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың басшылығымен жұмыс істейді.

2 Нормативтік негізгі құжаттар

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейлерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік Қағидалары»;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік Қағидалары»;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі №563 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережесі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі №344 «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды дайындау, сараптау, апробациялау және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

– Standards and Guidelines for Quality Assurance in the European Higher Education Area. ESG report. 2015. (Еуропалық кеңістіктегі Жоғары білім сапасына кепілдік беретін Стандарттар мен Директивалар);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысы;

– «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Сапа бойынша Нұсқаулық пен сапа саласындағы Саясаты;

– «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» ISO 9001:2015 Халықаралық Стандарты;

– «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ нормативтік құжаттары.

3 Қызметтің мақсаты мен негізгі міндеттері

3.1 Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясы білім берудегі дайындықтың сапа менеджменті жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

3.2 Комиссияның негізгі міндеттері – ҚазҰТЗУ-дағы оқу процесінің жағдайына тұрақты мониторинг жүргізу, кемшіліктерді анықтау және оқу процесінің тиімділігін арттыру және мамандарды даярлау сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

4 Жоғары оқу орнының ішкі бақылау комиссиясының (ЖООІБК) құрамы

4.1 ЖООІБК кафедралар мен институттар ұсыныстары бойынша Оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен тағайындалған төрағадан және мүшелерден тұрады.

ЖООІБК құрамын ҚазҰТЗУ Ректоры бекітеді.

5 ЖООІБК мүшелері мен төрағаның функционалдық міндеттері

5.1 ЖООІБК төрағасы қызметінің негізгі функциялары келесідей:

– Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітілген ЖООІБК жұмыс жоспарын құру;

– жұмыс бағыттары бойынша ЖООІБК мүшелерін бөлу және тексерулер жүргізуді ұйымдастыру;

– ЖООІБК жұмысының қорытындысы бойынша анықтамалар мен есептер жасау;

– құрылымдық бөлімшелердің басшыларын тексеру нәтижелері туралы хабардар ету.

5.2 ЖООІБК мүшелерінің қызметінің негізгі функциялары келесідей:

– профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) оқу

сабақтарының өткізу сапасын бақылау (сабақтың басталу уақыты, аяқталу уақыты, сабақ тақырыбының силлабусқа сәйкестігі, студенттердің сабаққа қатысуы, сабақты өткізу әдістемесі);

– Комиссия мүшелерінің ПОҚ қашықтықтан платформаларына, оның ішінде қашықтықтағы білім беру технологияларын оқыту кезінде онлайн сабақтар өткізу кезеңінде еркін қол жеткізуі;

– емтихан сессиясын өткізу сапасын бақылау (емтихан билеттері, емтихандарды өткізу және т.б.);

– аралық бақылауды жүргізуді тексеру;

– кафедралардың аралық аттестаттауға дайындығын тексеру;

– офис-сағаттарды өткізу сапасын бақылау, студенттің өзіндік жұмысы/ оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – СӨЖ/СОӨЖ);

– жүргізілген тексерулер туралы есептерді уақытылы жасау;

– ПОҚ мен кафедралардың оқу-әдістемелік қызметін талдау жасау және ұсынымдар беру.

6 Жұмысты жоспарлау мен есеп беру

6.1 ЖООІБК қызметін жоспарлауды Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

6.2 ЖООІБК төрағасы Академиялық мәселелер жөніндегі проректорға оқытушылардың еңбек тәртібін бұзғаны және оқу сабақтарының бұзылуы туралы ескертулері мен актілердің қосымшалары бар анықтаманы жыл бойы ай сайынғы негізде ұсынады.

6.3 Оқу семестрі мен оқу жылының қорытындысы бойынша ЖООІБК қызметі туралы есеп Университеттің ОӘК отырысында ұсынылады.

7 ЖООІБК жауапкершілігі мен өкілеттілігі

7.1 ЖООІБК төрағасы мен мүшелерінің құқықтары бар:

– Университет басшылығынан, институттардан, кафедралардан, тіркеу кеңсесінен және ПОҚ оқу процесі туралы қажетті ақпаратты алуға;

– оқу сабақтарының барлық түрлеріне, офис-сағаттарына, емтихандарға алдын ала ескертусіз қатысуға;

– басшылыққа оқу процесінің тиімділігін жақсарту және мамандарды даярлау сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беруге;

– ЖООІБК төрағасы ҚазҰТЗУ ОӘК мүшесі болып табылады.

7.2 ЖООІБК төрағасы мен мүшелері ұсынылған ақпараттың және өз әрекеттерінің заңдылығы үшін жауап береді. Мүдделер қақтығысын болдырмау үшін осы кафедраның штаттық қызметкері болып табылатын ЖООІБК мүшелерінің кафедраның оқу процестерін тексеруі және бақылауы ұсынылмайды.

Өзгерістерді тіркеу парағы _____

құжаттың аталуы

Реттік нөмірін өзгерту	Құжаттың бөлімі, тарауы	Өзгертулер түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарлама нөмірі және күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі мен аты-жөні, қолы, қызметі